



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

№ 019 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 7 тамыз

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2003 жылдың 1 жартыжылдығына арналған есебі және қаржы рыногындағы ағымдағы жағдай туралы

II. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2003 жылдың 1 жартыжылдығына арналған есебі туралы.

Бүгін Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген мәжілісінде елдің 2003 жылдың I жартыжылдығындағы даму қорытындылары жасалды, яғни Үкімет пен Ұлттық Банктің есептері тыңдалды.

Біз мынадай негізгі мәселелер жөнінде баяндадық.

2003 жылдың 6 айында инфляция 2,3%-ті құрады, бұл жылдың аяғында Ұлттық Банктің 2003 жылға айқындаған мақсаттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Инфляция қарқынының едәуір азаюы 2003 жылғы 7 шілдеден бастап қайта қаржыландыру ставкасын 7,5%-тен 7%-ке дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарды шығаруы шамалы төмендеген кездегі шетел валютасының біршама ағыны қаржы рыногында тұрақтылықты сақтау үшін ақша реттеуінің белсенділігін қажет етті. 2003 жылғы I жартыжылдықта 2002 жылдың I жартыжылдығына қарағанда қысқа мерзімді ноттар 4,1 есеге көп шығарылды, ал репо операцияларының көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 23,5%-ке көбейді. Бұл проценттік шығыстарды өсіреді және жыл қорытындысы бойынша бюджетке аударымдардың азаюына әкеп соғады.

Мұнайға бағаның өсуі, экспорттың нақты көлемінің көбеюі 2003 жылғы I жартыжылдықта Қазақстанның сыртқы позициясының күшеюіне және рекордтық жоғары көрсеткіштерге жетуге себеп болды. 2003 жылғы I жартыжылдықта тауар экспортының құны 2002 жылғы ұқсас көрсеткіштен 40% -ке асып түсті және 6,2 млрд. долл. құрады, ағымдағы шоттың профициті (кірістің шығыстан артуы) ІЖӨ-нің 4%-ін (2002 жылғы I жартыжылдықта – тапшылық ЖІӨ-нің 4%-ін) құрады, тікелей инвестицияның нетто-келуі алдын ала деректер бойынша шамамен 0,8 млрд. долл. болды.

Экспорттық валюта түсімдерінің және сыртқы қаржы ресурстарының біршама ағыны нәтижесінде Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері 43,1%-ке өсіп, 4,5 млрд. АҚШ долларына жетті. Номиналдық көрсеткіште теңге АҚШ долларына қатысты 5,24%-ке (биржалық бағам), ал нақты көріністе – 5,8%-ке нығайды. Қазақстанның негізгі сауда әріптес – 24 елінің қоржынына қатысты теңге нақты көрсеткіште жартыжылдықта 3,7%-ке (алдын ала бағалау бойынша) құнсызданды.

Теңгенің нығаюы экономикадағы долларсыздандыру процесін тездетті. Сонымен, ұлттық валютадағы депозиттер 1,5 есеге 362,2 млрд.теңгеге дейін өсті, сонымен бірге шетелдік валютадағылар - 6%-ке төмендеп, 340,1 млрд.теңге болды. Ұлттық валютадағы

кредиттер 1,5 есеге 317,6 млрд.теңгеге дейін, ал шетелдік валютадағы – 0,8%-ке 464,2 млрд.теңгеге дейін ғана өсті.

Мәжілісте қаржы секторы дамуының оң үрдісінің жалғасып отырғаны атап айтылды. Банк секторының шоғырлану, сауықтыру және даму процестері де жалғасты. Банктердің жиынтық активтері 20,4%-ке, банктердегі халық салымдары 13,7%-ке, ал жиынтық капитал – 14,1%-ке өсіп, 183,9 млрд. теңгеге жетті. Экономикадағы банктердің кредиттері 16,3%-ке өсіп, 781,8 млрд. теңге болды. Орта және ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 57%-тен 60,5%-ке дейін ұлғайды. Жыл басынан бері шағын кәсіпкерлікке берілген кредиттер 23,1%-ке 180,3 млрд. теңгеге өсті, бұл экономикадағы кредиттердің жалпы көлемінің 23,1% болады.

Зейнетақы активтері 315,3 млрд. теңгеге дейін жетті, олардың 36% отандық компаниялардың бағалы қағаздарына және екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне инвестицияланды. Корпоративтік бағалы қағаздар рыногы даму үстінде. 54,6 млрд. теңге акциялар эмиссиясы және 23,2 млрд. теңге мемлекеттік емес облигациялар тіркелген. Өткен жылғы осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда сақтандыру ұйымдарының активтері 28,1%-ке өсіп, алдын ала деректер бойынша 23,9 млрд. теңге болды.

Қолайлы инвестициялық ахуалдың және банк кредиттеріне қол жетімділіктің жоғарылауы нәтижесінде мерзімі өткен дебиторлық берешектің ЖІӨ-ге қатысы 1999 жылдың қаңтарынан 2003 жылдың мамырына дейін 20,5%-тен 3,1%-ке, ал міндеттемелер бойынша берешектің ЖІӨ-ге қатысы - 36,8%-тен 5,2%-ке дейін қысқарды.

Жалпы Ұлттық Банктің 2003 жылдың I жартыжылдығына арналған есебін Қазақстан Республикасының Президенті мақұлдады.

II. Қаржы рыногындағы ағымдағы жағдай туралы

1. Инфляция. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми деректері бойынша 2003 жылдың шілдесінде тұтыну рыногында баға өзгермеді (инфляция 0% болды). Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының 0,8%-ке және халыққа ақылы қызмет көрсетудің – 0,1%-ке өсуі азық-түлік тауарлары бағасының 0,5%-ке төмендеуімен өтелді.

2003 жылдың 7 айында инфляция деңгейі 2,3% болды (2002 жылдың қаңтар-шілдесінде - 3,7%), сонымен бірге азық-түлік тауарларының бағасы 2,4%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарлар - 2,1%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету – 2,1%-ке өсті.

2003 жылғы шілдеде жылдық көрсеткіште инфляция 5,1% (2003 жылғы маусымда – 5,7%).

2. Халықаралық резервтер және ақша базасы. 2003 жылдың шілдесінде Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағада 4,6%-ке 4696,8 млн. долларға дейін (жыл басынан - 49,7%-ке) ұлғайды. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногында валюта сатып алуы, сондай-ақ валютаның Қаржы министрлігінің шотына түсуі таза валюта қорының 392,3 млн. долларға 4092,4 млн. долларға дейін толығына жағдай жасады. Ұлттық Банктің сыртқы рынокта жүргізген операцияларының нәтижесінде алтындағы активтер 185,4 млн. долларға азайып, 604,4 млн. долларға дейін төмендеді.

Елдің жалпы халықаралық резервтері, яғни, Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 2677,2 млн. доллар) шілдеде 2,7%-ке 7378,3 млн. долларға дейін өсті.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі шілдеде ақша базасының 1,2%-ке 257,2 млрд. теңгеге дейін кеңеюіне (жыл басынан 23,6%-ке кеңею) жағдай жасады.

3. Валюта рыногы. Ішкі валюта рыногында шілдеде теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаю үрдісі жалғасты. Бір айда теңге 0,62%-ке нығайды (2002 жылғы шілдеде 0,65%-ке құнсызданды) және ай соңында оның биржалық бағамы бір долларға 146,76 теңге болды.

Жыл басынан теңгенің АҚШ долларына нақты нығаюы 5,83% (маусымның соңында - 5,24%) болды. Теңгенің АҚШ долларына орташа алғандағы айырбас бағамы 2003 жылдың 7 айында 1 АҚШ долларына 151,30 теңге болды.

Шілдеде биржалық операциялардың көлемі қосымша сауда-саттықтағы мәмілелерді ескергенде 24,9%-ке 426,1 млн. долларға (2002 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда - 83,7%-ке өсу) азайды. Биржалық операциялардың көлемі жыл басынан 3,0 млрд. доллар болды.

Биржадан тыс валюталық рыноктағы операциялардың көлемі 35,1%-ке азайып, 564,3 млн.долл. дейін жетті (2002 жылдың шілдесімен салыстырғанда 39,3%-ке ұлғайды). Жыл басынан банк аралық валюталық рыноктағы операциялар көлемі 3,6 млрд.долл. болды.

4. Бағалы қағаздар рыногы. 2003 жылғы шілдеде Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру көлемі маусыммен салыстырғанда 3 есе өсіп, 8,9 млрд. теңгеге жетті. Тек орта мерзімді облигациялар шығарылды, 2002 жылдың қарашасынан бастап алғашқы рет айналыс мерзімі 5 жыл болатын бағалы қағаздар шығарылды.

Айналымдағы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі шілде айында 8,1%-ке ұлғайып, 118,8 млрд. теңгеге жетті. Ағымдағы жылдың 7 айында 15,8 млрд. теңге сомаға Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары шығарылды, бұл 2002 жылдың қаңтар-шілде деңгейінен 1,9 есе төмен (29,5 млрд. теңге) болды.

Ағымдағы жылдың шілдесінде эмиссияланған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістіліктің төмендеу үрдісі жалғасты. Бір айда 2-жылдық МЕОКАМ кірістілігінің тиімділігі 6,08% (2003 жылдың маусымында – 6,81%), 3-жылдық МЕОКАМ – 6,61% (2003 жылдың маусымында – 6,78%), 5-жылдық МЕОКАМ – 6,79% (2002 жылдың қарашасында – 8,37%) болды.

Ұлттық Банк ноттары эмиссиясының көлемі шілде айында 2,4%-ке ұлғайып, 91,9 млрд. теңгеге жетті, ал кірістілігі маусым айында 5,49%-тен шілде айында 5,41%-ке дейін төмендеді. Жыл басынан ноттар эмиссиясының көлемі 428,2 млрд. теңге болды, бұл өткен жылдың тиісті кезеңінің деңгейінен 4,6 есе көп. Айналыстағы ноттар көлемі шілдеде 18,8%-ке (жыл басынан – 3,4 есе) өсіп, 219,3 млрд. теңгеге жетті.

Шілде айында Ұлттық Банктің тікелей репо операциялары бойынша мәмілелер көлемі өткен айдың деңгейінде қалып, 47,1 млрд. теңгені (маусымда – 47,3 млрд. теңгені) құрады. 7 айда тікелей репо операцияларының көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 17,3%-ке ұлғайып, 297,6 млрд. теңгені құрады.

2003 жылдың шілде айында Ұлттық Банктің кері репо, мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу мен сату операциялары жүргізілмеді.

Сақтандыру рыногы. 2003 жылғы 1 шілдеге сақтандыру қызметін жүзеге асыру лицензиясына 33 сақтандыру ұйымдары ие, оның ішінде 7-і шетелдік қатысумен және 1-і өмірді сақтандыру бойынша.

2003 жылғы маусымда Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері 3,6%-ке (өткен жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда – 28,1%-ке) ұлғайып, 23,9 млрд. теңгеге жетті, сақтандыру резервтері 5,5%-ке азайып, 11,6 млрд. теңгеге жетті (өткен жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда 23,2%-ке өсті). Жиынтық меншік капиталы 9,3%-ке (11,4%-ке) ұлғайып, 7,6 млрд. теңгеге жетті.

2003 жылдың маусымында сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 12,3 %-ке (18,9%-ке) ұлғайып, 12,0 млрд. теңгеге жетті, ал сақтандыру төлемдерінің көлемі 19,4%-ке (1,9 есе) ұлғайып, 1,8 млрд. теңгеге жетті